



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«11» 10 2024 жылғы №149
Астана қаласы

**«Үздік сынып сағаты»
байқауын ұйымдастыру
және өткізу туралы**

Сынып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы үздік сынып сағаттарының тәрбиелік, рухани-адамгершілік, патриоттық мазмұнын арттыру, педагогикалық шеберлікті жетілдіру және инновациялық озық тәжірибені тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәрбие және қосымша білім беру бөлімі (Д. Шарипова) жалпы білім беру ұйымдарының сынып жетекшілері арасында «Үздік сынып сағаты» байқауын (бұдан әрі - Байқау) 2024 жылдың 11 қазан – 22 қараша аралығында ұйымдастырып өткізсін.
2. Байқаудың ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әдістемелік орталық басшысының орынбасары Ж. Амиргалиевке жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

001530

**«Үздік сынып сағаты»
байқауын ұйымдастыру
және өткізу туралы**

Сынып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы үздік сынып сағаттарының тәрбиелік, рухани-адамгершілік, патриоттық мазмұнын арттыру, педагогикалық шеберлікті жетілдіру және инновациялық озық тәжірибені тарату мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Тәрбие және қосымша білім беру бөлімі (Д. Шарипова) жалпы білім беру ұйымдарының сынып жетекшілері арасында «Үздік сынып сағаты» байқауын (бұдан әрі - Байқау) 2024 жылдың 11 қазан – 22 қараша аралығында ұйымдастырып өткізсін.

2. Байқаудың ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әдістемелік орталық басшысының орынбасары Ж. Амиргалиевке жүктелсін.

Басшы



С. Дауешова

«Үздік сынып сағаты» байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. «Үздік сынып сағаты» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

1.2. **Байқаудың мақсаты:** сынып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы үздік сынып сағаттарының тәрбиелік, рухани-адамгершілік, патриоттық мазмұнын арттыру.

1.3. Байқаудың міндеттері:

- озық сынып сағаттарын өткізу тәжірибесін жалпылау және насихаттау;

- өскелең ұрпақты тәрбиелеуге әсер етудің тиімді құралы ретінде сынып сағаттарын өткізудің жаңа нысандарын шығармашылықпен ізденуге, білім алушылардың жеке басын дамыту үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауға педагогтерді тарту;

- сынып сағаттарының әдістемелік әзірлемелер банкін құру арқылы оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

1.4. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК онлайн және оффлайн форматтарында өткізеді.

1.5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын Байқауды ұйымдастырушылар жасақтайды.

2. Байқауды өткізу шарттары мен мерзімі

2.1. Байқау 2024 жылдың 11 қазан – 22 қараша аралығында екі кезеңде өткізіледі.

2.2. **Бірінші кезең:** Іріктеу кезеңі - үміткерлердің жіберілген жұмыстары қашықтық форматында бағаланып, үздік бағаланған жұмыстар екінші кезеңге жіберіледі.

2.3. Бірінші кезеңге қатысу үшін келесі материалдар ұсынылады:

- ББҰ басшысының қолы қойылған қатысу туралы өтінім (№1-қосымшаға сәйкес);

- www.youtube.com арнасында орналастырылған сынып сағатының бейнематериалына сілтеме

- сынып сағатының жоспары, қосымша көрнекі материалдар мен видео, презентациялар (қажет болған жағдайда);

- сабақтан алынған қорытындылар мен кері байланыс (рефлексия).

2.4. Байқауға қатысу туралы өтінімді және қажетті құжаттар s.zhakaeva@astana-modern.edu.kz электронды поштасына 2024 жылдың 21 қазан сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Құжаттарды жинақтап 1 папкаға қатысушының аты-жөнін және мектебін көрсетіп жүктеу қажет (мысалы, *Ибраева Э., №5 мектеп*).

2.5. Бірінші кезеңнің жұмыстарын бағалау өлшемшарттары:

- сабақтың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы;
- сабақтың құрылымы мен ұйымдастырылуы;
- оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі;
- тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі;
- көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдануы;
- қорытынды және кері байланыс жасау шеберлігі.

2.6. **Екінші кезең:** Қорытынды кезеңі – қазылар алқасы бірінші кезеңінен іріктеліп алынған үміткердің жұмысын білім беру ұйымдарында сынып сағатына оффлайн форматында қатысып, бағалайды. Үміткерлер қаланың кез келген мектебінде сынып сағатын оффлайн түрде, ұйымдастырушылардың ұсынған кестесіне сәйкес өткізеді.

2.7. Екінші кезеңнің жұмыстарын бағалау өлшемшарттары:

- сабақтың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы;
- педагогикалық мақсаттар мен міндеттердің нақты қойылуы;
- сабақтың құрылымы мен ұйымдастырылуы;
- оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі;
- сабақтың шығармашылығы мен жаңашылдығы;
- тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі;
- оқушылардың құндылықтарды түсінуі және қабылдауы;
- оқушылардың белсенді қатысуы және ынталандыру;
- оқушыларға мәдениетаралық түсіністік қалыптастыру деңгейі;
- оқушыларды әлеуметтік және азаматтық белсенділікке баулу шеберлігі;
- көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдануы;
- оқушылардың өздігінен даму және рефлексия жасау түсінігін қалыптастыру деңгейі.

3. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға Астана қаласының жалпы білім беру ұйымдарының сынып жетекшілері өз жұмыстарын ұсына алады. Әр білім беру ұйымынан 1 үміткер қатысады.

3.2. Байқауға «Үздік сынып жетекші – 2024» байқауының жеңімпаздары қатыстырылмайды.

4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

4.1. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы баллдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

4.2. Байқау нәтижесі 2024 жылдың 22 қарашасында <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

4.3. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ «Ең креативті сынып сағаты», «Тәрбиелік мәні терең сынып сағаты», «Құндылықтарға толы сынып сағаты» номинацияларымен марапатталады. Орын алмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

4.4. Байқауға қатысу арқылы мұғалімдер өз материалдарын қайтаруды, рецензиялауды талап ете алмайды және Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылардың келісімімен сынып жетекшілерінің озық тәжірибесін тарату мақсатында көпшілікке жариялау құқығын беріп пайдалана алады.

**«Үздік сынып сағаты» байқауына қатысуға
өтінім формасы**

Т.А.Ә. толығымен	
Туылған күні, жылы	
Еңбек өтілі	
Қызметі	
Санаты	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Жетекшілік ететін сыныбы	
Байланыс нөмірі (WhatsApp)	
Электрондық поштаның адресі	
Сынып сағатына сілтеме	

**«Үздік сынып сағаты» байқауының
«Бірінші кезең» қатысушыларының жұмыстарын
бағалау өлшемшарттары**

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл
1	Сабақтың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы	10
2	Сабақтың құрылымы мен ұйымдастырылуы	10
3	Оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі	10
4	Тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі	10
5	Көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдану	10
	ЖИЫНТЫҚ БАЛЛ	50

**«Үздік сынып сағаты» байқауының
«Екінші кезен» қатысушыларының жұмыстарын
бағалау өлшемшарттары**

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл
1	Сабақтың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы	10
2	Педагогикалық мақсаттар мен міндеттердің нақты қойылуы	10
3	Сабақтың құрылымы мен ұйымдастырылуы	10
4	Оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі	10
5	Сабақтың шығармашылығы мен жаңашылдығы;	10
6	Тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі;	10
7	Оқушылардың құндылықтарды түсінуі және қабылдауы;	10
8	Оқушылардың белсенді қатысуы және ынталандыру	10
9	Оқушыларға мәдениетаралық түсіністік қалыптастыру деңгейі	10
10	Оқушыларды әлеуметтік және азаматтық белсенділікке баулу шеберлігі;	10
11	Көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдану	10
12	Оқушылардың өздігінен даму және рефлексия жасау түсінігін қалыптастыру деңгейі.	10
	ЖИЫНТЫҚ БАЛЛ	120

«Үздік сынып сағаты» байқауын ұйымдастыру
және өткізу комитетінің құрамы

№	Аты-жөні, тегі	Жұмыс орны, лауазымы
1	Амиргалиев Жангелді Қуандықұлы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары
2	Шарипова Динара Госмановна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы
3	Жақаева Самал Сансызбаевна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
4	Ибраева Эльвира Айдарқызы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
5	Әділхан Жеңіс	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері